Мемлекеттік грант беру туралы
2024жылғы «30» сәуір №63
Шарттың № 7 қосымшасы

**Әлеуметтік жобаны іске асыру нәтижелері бойынша**
**қорытынды есеп**

1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы: «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры
2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда): Қуанышбай Нұрлан Алтынбекұлы
3. Заңды мекенжайы, байланыс телефоны: 87754203007 / 87075203007
4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (бағыты): Жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру
5. Әлеуметтік жобаны және/немесе әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңінің басталу және аяқталу күні: 2024 жылдың 30 сәуірі – 22 қараша 2024 жыл
6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы: 11 050 000 (он бір миллион елу мың) теңге

**1. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз**

*Гранттық шарттың №3 қосымшасына (Жобаның толық сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, әлеуметтік жобаны іске асыру шеңберінде жүргізілген барлық іс-шараларды егжей-тегжейлі сипаттау және талдау қажет.*

**1-МІНДЕТ. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ТҰРАҚТЫ КОУОРКИНҚТІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ.**

**1-ІС-ШАРА: ОБЛЫСТАҒЫ АУДАНДЫҚ ӘКІМДІКТЕРМЕН «МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ» ЖОБАСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕ ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ПЕН СЕРІКТЕСТІК ЖӨНІНДЕ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЮ.**

Биыл алғаш рет «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ-і ерекше жобаны бастады. Мемлекеттік гранттың негізгі мақсаты – ауыл жастарының әлеуетін арттыру. Яғни, оларға бас қосатын алаң ұсыну. Өйткені, облыс аумағына кіретін ауылдардың барлығында бірдей жастарға жағдай жасалмаған. Осы олқылықты жою мақсатында аталған грант жүзеге асты. Орындаушысы «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры. Бастапқыда тапсырыс берушi тараппен бірге 3 ауыл бойынша «меморандум» жасақталды. Яғни, ондағы міндеттерге сай орындаушы тарап облыстағы 3 (*үш*) ауылда «**коуоркиң**» орталығын ашу. Алғашқы меморандум келісілгеннен кейін тапсырыс беруші тарап қала, аудан мен ауыл әкімдіктеріне хат жолданды. Ондағы мақсат ауыл әкімдігінің еншісіне кіретін бос ғимаратты анықтау. Жоба бойынша коуоркиң ашу үшін бос тұрған шағын ғимарат немесе кеңсе қажет. Егер жеңіл жөндеу жұмыстарын қажет ететін болған жағдайда бар қаражатқа қарап бағалау жүргізілді. Жалпы тапсырыс беруші тараптың жолдаған хатына 8 (*сегіз*) ауылдық округтен жауап келді.

Маңғыстау облысында бар 40-тан аса ауылдың небәрі 8-і ғимарат барын растады. Бұл біз ойлағандай болмай шықты. Содан соң, қор өкілдері өтінім жіберген ауыл-аймақтарды аралады. Жалпы 1,5 ай көлемінде 7000-ға жуық шақырым жол жүрілді. Қор өкілдері әр ауылға жеке барып, ұсынылған ғимараттың жәй-күйімен танысты. Облыс орталығына ең жақын ауыл – Ақшұқыр ауылы болса (*25 шақырым*) ең алысы Бейнеу ауданына қарасты Боранқұл ауылы. Ол Ақтау қаласынан 650 шақырым қашықтықта орналасқан. Жалпы мониторинг барысында Маңғыстау ауданындағы Шетпе, Таушық, Жармыш, Сайөтес, Қызан, Ақшымырау, Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр, Сайын Шапағатов ауылы, Бейнеу ауданы және ауданға қарасты Боранқұл ауылы, Қарақия ауданына қарасты Құрық елдімекені мен Жетібай, Мұнайшы ауылына арнайы бардық. Сапар туралы және ауылдағы жастардың ахуалы туралы ақпарат тапсырыс беруші тарапқа толық жеткізілді. Маңғыстаудың ауыл-аймағын аралай келе жоба бойынша бекітілген қаражатқа қарай 3 (*үш*) ауыл белгіленді. Олар: Қарақия ауданындағы Жетібай ауылы, Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр ауылы және Бейнеу ауданындағы Борнақұл ауылы. Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының әлеуметтік жобасы осы үш ауылда жүзеге асатын болды. Ең алғашқысы – Жетібай ауылындағы «**коуоркиң**» орталығы болмақ. Содан соң, Түпқараған ауданына қарасты Ақшұқыр ауылындағы «Мәдениет үйінде» жастарға жұмыс алаңы ашылды. Жобаның қорытындысы ең шалғайдағы Боранқұл ауылында аяқтауды жоспарладық. Алайда, соңғы сәтте Боранқұл ауылындағы ғимаратпен жасақталған келісімшарт күшін жойды. Өйткені, бұрыңғы полиция учаскесі жаңа ғимаратқа көшірілмеді. Орталық базаның ескі ғимаратта болуына байланысты полиция басшылығы жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермеді. Аталған мәселе тапсырыс беруші тарапқа жеткізілді. Осыған орай, «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ бірлесе соңғы ауылдың атауын өзгерту туралы ортақ шешім шығарылды. Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданына қарасты Ақшымырау ауылы әкімдігінің атынан арнайы өтініш хат келіп түсті. Осыған орай, «коуоркиң» орталығын Ақшымырау ауылына көшірілді. Айта кетейік, Ақшымырау ауылы облыс орталығынан 400 шақырым қашықтықта орналасқан.

Нәтижесінде жоба аясында Жетібай, Ақшұқыр және Ақшымырау ауылдарында жастарға арналған коуоркиң ашылды.

**2-ІС-ШАРА: АУЫЛ-АЙМАҚТАҒЫ (ЖАО ТЕҢГЕРІМІНДЕГІ) ОРЫН – ЖАЙДЫ ӨЛШЕУ, САРАПТАУ ЖҰМЫСЫН ЖҮРГІЗУ.**

Мониторинг жұмысы аяқталған соң, нақты жоба жүзеге асатын 3 (*үш*) ауыл-аймақ белгіленді. Олар: Қарақия ауданындағы Жетібай ауылы, Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр ауылы және Маңғыстау ауданындағы Ақшымырау ауылы. Ең алғашқы нысан – Жетібай ауылында орналасқан. Бұрыңғы полиция бөлімінің жалпы аумағы 400 шаршы метрді құрайды. Ескі ғимарат биыл аудан әкімдігінің қолдауымен күрделі жөндеуден өткен. Сондай-ақ, жиһазбен қамтылған. Нақтырақ айтқанда парта, орындықтар мен сөрелер. 400-ге жуық шаршы метрді құрайтын ғимараттың тек 150 шаршы метрі пайдалануға жарамды. Ғимараттың екінші бөлігі авариялық жағдайда болуына байланысты алдағы уақытта сүріледі. Ал енді Жетібай ауылындағы кеңсеге келсек. Жалпы аумағы 145 шаршы метрді құрайды. Ғимарат ішінде 4 кабинет және 1 конференц зал бар. Нысанның биіктігі – 2,8 метр. Ал бөлмелерінің өлшемі әртүрлі. Ғимаратты тексеру барысында бірнеше ақаулар анықталды. Нақтырақ айтсақ, ғимарат ауласына тазалық жүргізу қажеттігі туындады. Сонымен қатар, есік алдындағы жарық шамы ескірген. Кей бөлмеде жарық нашар. Лампалары күйіп кеткені анықталды. Сонымен қатар, ауыл әкімдігі 2 салқындатқыш (*кондиционер*) алғаны анықталды. Алайда, оны қондыру үшін арнайы жабдықтардың жоқтығы айтылды. Ең басты кемшілік жастардың жұмыс істеуіне қажет техниканың жоқтығы болды.
Келесі нысан – Ақшұқыр ауылындағы «мәдениет үйі». Бұл ғимараттың кіреберісі (*шамамен 500-600 шаршы метр аумақ*) бос тұр. Ғимарат басшысы бос орынның бір бөлігін жастарға беруге болатынын және бұл әлеуметтік жобаны қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар, мәдениет

үйі болғандықтан еден мен төбенің арасы 4-4,5 метрді құрайды. Бұл да құрылыс материалдарының көп көлемде қажет болатынын ескертеді. Ішкі жағындағы жарларда арнайы **ЛДСП** фанерлер қойылған. Олардың түсі жоғалып, өңі бұзылған. Ал жалпы бояу ағарып кеткені анықталды. Тағы бір мәселе – жалюзи. Осыдан 7-8 жыл бұрын қойылған заттың ескіргені біліліп-ақ тұр. Мәдениет үйінің ашылуында ілінген стэндтердің де ескіріп, кеңсенің ажарын бүлдіріп тұрғаны байқалды. Айта кету керек, ғимарат ішінде жылу жүйесіне қатысты жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жарға қойылған радиаторлар жаңартылған. Алайда, оны орнату кезінде бірнеше қателіктерге жол берілген. Тіпті, сыртын пластикалық затпен қаптаған. Бірақ, ол да жарамсыз. Жоба бойынша кіреберістегі бар аумақты қамту қиынға соқты. Өйткені, үлкен аумақты қоршау, оған жөндеу жұмыстарын жүргізу ірі көлемдегі қаржыны талап етеді. Осыған байланысты бос орынның бір бөлігін «коуоркиң» ретінде қоршап, бөлек кеңсе етіп ашу жоспарланды. Ол үшін кіреберістің сол жағы (*бұрыңғы күзет отыратын бөлме*) белгіленді. Шағын аумақта кемшілік көп. Кеңсені төбеге дейін жабу, жарды сырлау, жарық шамдарын орнату және т.б. күрделі жұмыстар қажеттілігі белгіленді. Соңғы ғимарат – Маңғыстау ауданы Ақшымырау ауылы. Ақтау қаласынан 400 шақырымда орналасқан. Ұсынылған ғимарат бұрыңғы ауыл әкімдігінің кеңсесі. Ол да мәдени орталықтың құрамындағы нысан. Жалпы 3 (*үш*) шағын бөлмеден тұратын, бөлек кіреберіс есігі орналастырылған орталық. Биыл **Ақшымырау ауылының 90 жылдық мерейтойы** тойланды. Атаулы мерекеге орай, аудан әкімдігі халықпен бірлесе келе ауыл әкімдігіне жаңа ғимарат тұрғызып берді. Ал ескі ғимаратты ауыл жастарының еншісіне беру туралы шешім шығарылды. Бұл нысанның ішін толық жаңарту жоспарланды. Бөлмелерді түстері жаңартылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді.

**3-ІС-ШАРА: ОРЫН – ЖАЙДЫ АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША ШЫҒЫНДАР СМЕТАСЫ ЖАСАҚТАЛЫП, КОУОРКИҢТІҢ АЛДЫН АЛА ЖҰМЫС ЭСКИЗІ ЖАСАҚТАУ.**

Жоба бойынша бастапқыда барлық «коуоркиңді» бір нұсқада жасауды жоспарладық. Алайда, ауыл-аймақты аралай келе ғимараттардың әртүрлі екеніне көз жеткіздік. Мәселен, Жетібай ауылындағы ғимараттың жалпы аумағы 400 шаршы метрді құрайды. Төбе биіктігі 2,8 метр. Ал Ақшұқыр ауылындағы кеңсенің ішкі аумағы 500-600 шаршы метр, ал төбе биіктігі 4-4,5 метрді құрайды. Сондықтан, әр орталыққа жеке жоба жасақтауға тура келді. Жетібай ауылындағы жастар орталығына жасалған барлық жұмыстар тапсырыс беруші тараппен мақұлданды. Кіреберіске қойлатын баннер, оның мәтіні, сыртқы жазу, жарға бекітілетін стэндтер, дәліздегі (*коридор*) жарға салынатын суреттер, алынатын кітаптар тізімі және т.б.шаруаның барлығы алдын ала тексерістен өтті. Тапсырыс беруші тараптың түзетулері ескерілді. Жастар орталығының эскизі туралы қосымша құжат енгізілді. Барлық жұмыс тапсырыс берші тараптың келісімімен жасалды және жұмыс аяқталған сәтте олардың оң бағасына ие болды. Ақшұқыр ауылындағы ғимаратта дәл осылай. Үлкен аумақты кішігірім кеңсеге ауыстырдық. Бұрын күзет қызметі отыратын бөлмені кеңейтіп жастарға арналған алаң ұсындық. Жастардың жұмыс істеуіне оң жағдай жасау мақсатында биіктігі 4-4,5 метрді құрайтын аумақты толық жаптық. Сонымен қатар, күзет қызметіне арнайы бөлек бөлмесін дайындап бердік. 500-600 шаршы метрді аумақтың барлығын бір түске бояды. Содан соң, кеңсе ішіне арнайы декоративный сурет салдық. Кеңсенің кешкі уақытта қараңғы болуына байланысты қосымша жарық шамдары да орнатылды. Ақшымырау ауылында да ұқсас жағдай. Ғимараттың жарларын толық жаңарттық. Әр бөлменің түсін әртүрлі етіп, жастарға сай бейімдедік. Сонымен қатар, бүлінген аумақтарды тегістедік. Қысқаша айтқанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жасалды. Үш ауылда жасалған жұмыстардың барлығы алдын ала тапсырыс беруші тарапппен келісілді. Ал қаржылық шығынға келетін болсақ. Бастапқыда үш ауылға ортақ смета жасаған болатынбыз. Алайда, жұмыс барысында бір нысанның екінші нысанға ұқсамайтындығы айтылды. Олардың көлемі жағынан да, жасалатын жұмыстар жағынан да әртүрлі. Осыған орай, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығына» екі рет шығындар сметасын түзету бойынша өтініш білдірген боалтынбыз. Сұранысымыз ұанағаттандырылды. Осыған сәйкес үш ауылға бөлінген арнайы қаржылық жоспар құрылды. Оны қаржы департаментіне есепші мамандар есебін жасады.

**4-ІС-ШАРА: ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ. КОУОРКИҢКЕ ҚАЖЕТТІ МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАСЫ САТЫП АЛУ, ОРНАЛАСТЫРУ.**

**Қарақия ауданы Жетібай ауылындағы** «коуоркиң» орталығы пайдалануға берілді. Жоспарланған жұмыстың 99% аяқталған сәтте тапсырыс беруші тарапқа ақпарат жіберілді. Бүгінгі таңда Жетібай ауылында «жастар орталығы» ғимаратының ауласында тазалық жұмыстары жүргізілді. Нысанның бүлінген жерлеріге әктеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, орталық төбесінде тұрған жарық шамы жаңа диодты шамға ауыстырылды. Орталық ішіндегі кеңселерде жарық қалыпқа келтірілді. Жаз мезгілінде күн райының қатты ыстық болатыны ескерілді. Нәтижесінде екі салқындатқыш (*кондиционер*) орнатылды. Үлкен дәліздегі (*коридор*) жарға арнайы сурет салынды. Ауыл жастарының сұрауы бойынша **60** кітаптың тізімі жасақталды. Соның **95%-ы** қанағаттандырылды. Кітапсүйер жастар өздері армандап жүрген кітаптарына қол жеткізген сәтте ерекше қуанып, алғыстарын жеткізді.

**Ақшұқыр ауылында ауқымды** жұмыс жасалды. 600 шаршы метрді құрайтын аумақтың түсі толық жаңартылды. Ал «коуоркиң» аумағына арнайы декоративный түстер жағылды. Сонымен қатар, арнайы материалдарды пайдалана отырып төбеге дейін жабылды. Кіреберістегі үлкен аумақтың бір бөлігіне «окуоркиң» орталығын ашсақ, екінші бөлігіне күзет қызметіне арналған бөлме әзірледік. Бұл да жоба бойынша жасақталған жұмыстың бірі. Сонымен қатар, кеңсе ішінде жарық тым нашар болатын. Осыған орай, арнайы лампалар алып орналастырылды. Наливной пол құйылды, жардағы тесіктер бітелді. Кіреберістегі жарға арнайы баннер әзірленді. Қосымша қажет жиһаздап алынды.

**Ақшымырау ауылында да ағымдағы** жөндеу жұмыстары жасалды. Орталықтың түстері жаңартылды. Үш бөлме үш түрлі түске боялды. Еден мен жардағы кемшіліктер жойылды. Ауыл жастарының қажеттілігне орай, арнайы жиһаздар алынды. Кеңседегі жөндеу жұмыстары аяқталғасын тазалау жұмыстары жүргізілді.

**5-ІС-ШАРА: КОУОРКИҢ АЛАҢЫН АШУ РӘСІМІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.**

Қарақия ауданы Жетібай ауылында «**коуоркиң**» Халықаралық жастар күні қарсаңында ресми ашылды. Облыс көлемінде жоспарланған 63 іс-шараның бірі осы жастар орталығы болатын. 10-тамыз күні Қарақия ауданы әкімінің орынбасары, аудан депутаттары, Жетібай ауылының ақсақалдары мен аналар кеңесінің мүшелері және ауыл жастары жиналды. Қатысушылар тізімі мен ашылу салтанатының бағдарламасы алдын ала тапсырыс беруші тараппен келісілді. Ол құжат қосымша жасақталды. Айта кету керек, аудан жастары үшін маңызды әлеуметтік жобаның ашылуына орай Республикалық арнаның тілшілері арнайы келді. Республикалық «Хабар» телеарнасы мен «Маңғыстау» телеарнасы тілшілері ақпараттық қолдау көрсетті. Әлеуметтік желіге жарияланған материалдардың тізімі мен сілтемесі қосымша жасақталып, есепке бекітілді.

Ақшұқыр ауылындағы «коуоркиң» орталығы қараша айының ортасында ашылды. Ашылу салтанатына «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ, Ақшұқыр ауылы әкімдігінің өкілдері, ауыл ақсақалдары мен аналар кеңесінің мүшелері және ауыл жастары қатысты. Ресми іс-шара барысында тапсырыс беруші тарапқа атқарылған жұмыстар есебі берілді. Жины барысында ауыл жастары өз ұсыныстарын білдіріп, жаңа кеңсеге қатысты ризашылықтарын білдірді.

Ал Ақшымырау ауылындағы «коуоркиң» де қалыс қалмады. Ауыл жастары белсене араласты. Көптен күткен ұлы той болғаны анық. Тапсырыс беруші тараптан мамандар келіп, аудан орталығынан да қызметкерлер келді. Ресми жиын барысында ауыл азаматтары аталған ғимарат үшін өз ризашылықтарын жеткізді.

Қорытындылай келе, Коуоркинг орталығының ерекшеліктері заманауи талаптарға сай жабдықталған, бұл өз кезегінде жастарға ыңғайлы әрі тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Орталықтың ішінде: іс – шара өткізуге арналған кеңсе тауарлары және жиһаздар сондай -ақ жұмыс жасауға арналған интернет орналастырылды.

Бұл орталықта жастар өз жобаларын дамыту, стартап ашу, жаңа адамдармен танысып, тәжірибе алмасу мүмкіндігіне ие бола алады. Бұл орталық жастарға өз жобаларын жүзеге асыруға арналған ерекше кеңістік ұсынады. Мұнда жастар:

- Кәсіпкерлік дағдыларын жетілдіре алады, түрлі тренингтер мен мастер-класстарға қатысып, бизнесті бастау мен жүргізуге қажетті білім ала алады;
- Жаңа идеяларды дамыту мен креативті жобаларды іске асыру үшін қолайлы орта;
- Жұмыс орындары мен жобаларды бірлесіп жүргізуге арналған ортақ кеңістікте танысуды күшейтіп, кәсіби даму мүмкіндіктерін арттырады.

## 6-ІС-ШАРА: КОУОРКИҢТЕГІ МАТЕРИАЛДЫҚ – ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ АУЫЛ ӘКІМДІГІНІҢ ТЕҢГЕРІМІНЕ БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ.

Әлеуметтік жоба бойынша белгіленген нысанға ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Содан соң, кеңсеге қажетті материалдық-техникалық базаның тізімі жасақталды. Мәселен Жетібай ауылындағы «коуоркиң»-ге ЕКІ дана ноутбук (*LENOVA IdeaPad* маркалы), принтер МФУ 3 в1 (*HP Smart Tank* маркалы), Музыкалық баған (*SAMSUNG Giga Party* маркалы), ересектерге арналған гитара 1 дана (*чехол, каподастр, ремень, запасные струны*), Ересектерге арналған домбыра 1 дана, Тоғызқұмалақ ағаш тақтайша - 2 дана, Үстел шахматы 2 дана (*ағаш тақтайша, диаметрі 50*50, 3 в 1 комплект*). Сонымен қатар, ауыл жастарының сұрауы бойынша 60 дана кітап алынды. Оған сыйлық ретінде 15-20 кітап қосымша берілді. Арнайы техникадан бөлек, күнделікті қызметке қажетті концеляриялық тауарлар да табысталды. Қарапайым А4 қағаздары, қалам, папка, қарындаш, кілей, флипчарт және маркерге арналған тақта және т.б.заттар. Жетібай ауылындағы «коуоркиң» орталығында жиһаздың болуына байланысты бар қаражатты техника алынды. Ал Ақшұқыр ауылында жағдай сәл өзгеше. Жаңадан ашылған кеңсенің жөндеу жұмыстарына қыруар қаржы мен материалдар жұмсалды. Содан соң, 2 дана ноутбук (*LENOVA IdeaPad маркалы*), принтер МФУ 3 в1 (*HP Smart Tank маркалы*), 1 дана проектор (Everycom HQ9), Проекционный экран (4*3 матовый), үстел шахматы 2 дана (40*40), ағаштан жасалған тоғызқұмалақ 2 дана, әртүрлі бағыттағы 60 кітап, кеңсе тауарлары (*А4 қағаздары, қалам, папка, қарындаш, кілей, флипчарт және маркерге арналған тақта және т.б.заттар*) алынды. Сонымен қатар, орталыққа қажет жиһаздар алынды. Нақтырақ айтсақ, ЛДСП материалынан жасалған кеңсе үстелдері 3 дана, кеңсеге арналған орындықтар 10 дана, ЛДСП материалынан жасалған сөре (шкаф/стеллаж) 2 дана. Соңғы аялдама – Ақшымырау. Алдымен ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сосын жастардың жұмыс істеуіне қажет жиһаздар, нақтырақ ЛДСП материалынан жасалған кеңсе үстелдері 4 дана, кеңсеге арналған орындықтар 10 дана, ЛДСП материалынан жасалған сөре (шкаф/стеллаж) 2 дана сатып алынды. Сонымен қатар, 2 дана ноутбук (*LENOVA IdeaPad маркалы*), принтер **МФУ** 3 в1 (*HP Smart Tank маркалы*), 1 дана проектор (*Everycom HQ9*), Проекционный экран *(4*3 матовый)*, үстел шахматы 2 дана (*40*40*), ағаштан жасалған

тоғызқұмалақ 2 дана, әртүрлі бағыттағы 20 кітап, кеңсе тауарлары (*А4 қағаздары, қалам, папка, қарындаш, кілей, флипчарт және маркерге арналған тақта және т.б.заттар)* алынды. Жастардың шығармашылығын дамыту үшін қосымша гитара мен домбыра табысталды.

**7-ІС-ШАРА: КОУОРКИҢ ЖЕЛІСІНІҢ ҚЫЗМЕТІНЕ, КҮТІП ҰСТАУ ДЕҢГЕЙІНЕ 2025 ЖЫЛДЫҢ СОҢЫНА ДЕЙІН ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ ЖҮРГІЗУ**

Бұл жоба бастапқыда сәуір айында басталып қазан айында аяқталуы тиіс болатын. Алайда, жобаның кеш басталуы қорытынды есепті кейінге шегеруге тура келді. Қосымша келісімшарт жасақталып қараша айының соңында аяқтау міндеттелді. Алғашқы нысан – Қарақия ауданы Жетібай ауылындағы коуоркиң тамыз айында табысталды. Ал Ақшұқыр ауылы мен Ақшымау ауылы жоба соңына қарай аяқталды. Бірінде күрделі жөндеу жұмыстарын ұзақтығы болса, енді бірінде жол қашықтығы кедергі келтірді десек болады. Десе де, мойнымызға міндет қылып алған жобамызды аман-есен аяқтадық. Түпқараған ауданы Ақшұқыр ауылындағы «коуоркиң» қараша айының басында, ал Маңғыстау ауданы Ақшымырау ауылынидағы «коуоркиң» қарашаның аяғына қарай ашылды. Қазір барлығында қызу жұмыс жүріп жатыр. Заманауи мүмкіндікке қол жеткізген ауыл жастары шығармашылықтарын дамытып, қоғамдық жұмыстарға етене араласа бастады. Атқарылған жұмыстар, тапсырылған техникалар туралы тапсырыс беруші тарап хабардар. Аудандық жастар ресурстық орталығы да өз жауапкершілігіне алды. Жыл соңына қарай «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ аудандық жастар ресурстық орталықтарымен бірлесе 2025 жылға арналған бағдарлама бекітеді. Соған орай, келер жылдың іс-шаралар кешені белгіленеді. Айта кетейік, әлеуметтік жобаны орындаушы ретінде «Жағымды жаңалық» ҚҚ 2025 жылы аталған 3 (үш) нысанға бақылау жасайды. Егер жаңа жылда кеңсеге табысталған материалдық-техникалық базаның бүлінуі байқалса басқармаға хат жолданады. Жалпы І-жарты жылдынтың соңында және ІІ-жарты жылдықтың соңында бақылау жүргізу жоспарланып отыр.

**2-МІНДЕТ. ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН КОУОРКИҢТЕ КЕМІНДЕ 15 ҚОҒАМДЫҚ-МӘДЕНИ ІС-ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ.**

**1-ІС-ШАРА: МЕМОРАНДУМ НЕГІЗІНДЕ ӘРБІР КОУОРКИҢ ҚЫЗМЕТІНЕ, КОУОРКИҢТЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР БОЙЫНША ЖЕКЕ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ЖАСАҚТАУ.**

Алғаш табысталған Жетібай ауылындағы «коуоркиң» орталығында жұмыс қызу. Пайдалануға берілген сәттен бастап Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы ауыл жастарына арналған іс-шаралар өткізіп жатыр. Ауылдық «коуоркиңде» ұйымдастырылған барлық іс-шаралар тізімін қосымша енгізілді.

Ал Ақшұқыр мен Ақшымырау ауылындағы жастар алаңы тым кеш табысталды. Соған қарамастан жоспарланған 5 (танымдық, мәдени, қоғамдық) іс-шара өткізілді. Олардың да тізімі қосымша енгізілді. Бүгінгі таңда барлық орталықта жастар шығармашылықтарын дамытып, ауыл жастарына қажетті жобаларды жүзеге асыруда.

**2-ІС-ШАРА: АУЫЛДЫҢ БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРЫНЫҢ ІШІНЕН КӨШБАСШЫ ЖАС ТАҒАЙЫНДАЛЫП, ҮЙЛЕСТІРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗУ. ІС-ШАРАЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ҚОРДЫҢ ЖӘНЕ ТАПСЫРЫС БЕРУШІНІҢ, АУЫЛ ӘКІМДІКТЕРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕГІ РЕСМИ ПАРАҚШАЛАРЫНДА ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАҚ БЕТТЕРІНДЕ ЖАРИЯЛАУ.**

Қарақия ауданы Жетібай ауылында орналасқан «коуоркиңге» жауапты маман бекітілді. Жастар орталығының жауапты жетекшісі – Ермеков Рамазан Мұхтарұлы тағайындалды. Аталған азаматтың түйіндемесі, жеке деректері қосымша құжатқа енгізілді. Рамазан Мұхтарұлы Жетібай ауылының тумасы. Замандастыр арасында ерекше құрметке ие. Ақын, әнші. Сонымен қатар, жақсы ұйымдастырушы маман. Ал

Ақшұқыр ауылындағы жастар кеңсесіне жауапты – Шүкірбаев Нұрбек тағайындалды. Ол «коуоркиң» орналасқан мәдениет үйінің маманы. Сонымен қатар, белсенді ауыл жастарының бірі. Нұрбектің жеке деректері құжаттарға қосымша енгізілді.

Ақшымырау ауылы бойынша бекітілетін маман ауыл әкімдігінің еншісінде. Әзірге ғимаратқа жауапты Ақшымырау ауылының әкімі – Абзалс Қарақойшиев.

**3-ІС-ШАРА: АУЫЛ ЖАСТАРЫ МЕН АЗАМАТТАРЫНА АРНАЛҒАН ҚОҒАМДЫҚ – МӘДЕНИ ІС- ШАРАЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ. ЗИЯТКЕРЛІК БАЙҚАУЛАР, КЕЗДЕСУЛЕР МЕН СЕМИНАР – ТРЕНИНГТЕР ҰЙЫМДАСТЫРУ.**

Жетібай, Ақшұқыр және Ақшымырау ауылындағы «коуоркиң» орталығында жоспарға бекітілген барлық іс-шаралар өткізілді. Тапсырыс беруші және аудандық жастар ресурстық орталығы бірлесе кешенді іс-шаралар жоспарын жасақтады. Жастар кеңсесінде өткізілген жиындардың құжаты қосымша жүктелді.

**4-ІС-ШАРА: КОУОРКИҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУҒА НЫСАН ОРНАЛАСҚАН АУЫЛДЫҢ АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖАСТАР РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРЫ АТСАЛЫСУҒА ШАҚЫРУ**.

Жоба аясында Жетібай, Ақшұқыр және Ақшымырау ауылдарының жастар ресурстық орталықтарының қатысуы жобаның тиімділігін арттырып, жастардың кәсіпкерлік және шығармашылық бастамаларын жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік береді. Осыған байланысты, төменде атсалысуға бағытталған жоспар мен ұсыныстар:

Іс-шаралар:

- Аудан орталығындағы жастар ресурстық орталықтары коуоркинг қызметі мен оның артықшылықтары туралы ақпараттық жүргізу;
- Әлеуметтік желілерде, жергілікті БАҚ-та, қоғамдық орындарда және білім беру мекемелерінде ақпараттық баннерлер мен парақшалар орналастыру;
- Жастар арасында қызығушылықты арттыру мақсатында коуоркинг қызметі мен оның мүмкіндіктері туралы таныстыру сессиялары мен ақпараттық кездесулер өткізу. Бұл шаралар жастардың сұрақтарына жауап беру, олардың ұсыныстарын тыңдау және қатысуға шақыру үшін тиімді болады.
- Кәсіпкерлік, бизнес жүргізу, стартап ашу, қаржылық басқару тақырыптарында тренингтер ұйымдастыра алады.
- Жастардың бизнес идеяларын дамытуға көмектесетін тәжірибелі кәсіпкерлер мен мамандарды шақыру. Жастар ресурстық орталығы коуоркинг орталығымен бірлесе отырып, жаңа бизнес бастайтын жастарға менторлық қолдау көрсете алады.
- Жергілікті жастар арасында инновациялық және кәсіпкерлік жобаларды анықтап, оларды дамыту үшін байқаулар өткізу. Жеңімпаздар коуоркинг орталығында өз жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік алады.

- Бірлескен жобаларды іске асыру: Жастар ресурстық орталықтары мен коуоркинг орталығы бірлесіп, ауылдық жерлердегі жастарға арналған арнайы жобалар немесе оқу бағдарламаларын ұйымдастыра алады. Бұл жұмыс барысында жастар орталықтарында әртүрлі жобаларды бірлесе отырып жүзеге асыруды көздейді.
Қорытындылай келе, коуоркинг Аудан орталығындағы жастар ресурстық орталықтары мен коуоркинг орталықтарының бірлескен жұмысы жастардың кәсіпкерлік және шығармашылық әлеуетін арттыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

**3 МІНДЕТ. МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДАҒЫ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН КЕҢІСТІКТЕР ТУРАЛЫ КЕШЕНДІ АҚПАРАТТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МІНДЕТІ.**

**1 – ІС -ШАРА: МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНДА ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР МЕН КРЕАТИВТІ АЛАҢДАР, ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІКТЕР ТУРАЛЫ АРНАЙЫ АЙДАР АШЫЛЫП, ШОЛУ ЖАСАҚТАУ.**

Маңғыстау облысы соңғы жылдары жастар үшін арнайы әлеуметтік нысандарды ашу бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Бұл нысандар жастардың қоғамдық өмірге араласуына, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға, кәсіпкерлікке ынталандыруға және әлеуметтік дағдыларын жетілдіруге арналған. Облыс аумағында креативті алаңдар мен қоғамдық кеңістіктер жастардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға және әлеуметтік байланыстар орнатуға арналған ерекше орындар болып табылады.

Коуоркинг орталықтары — жеке кәсіпкерлікке енді қадам басқан жастар үшін өте қолайлы орын, мұнда олар өз жобаларын жүзеге асырып, заманауи технологиялармен жұмыс істеуде. Сонымен қатар, бұл орталықтарда шығармашылық индустриялармен айналысатын жас мамандар үшін пікірталастар мен идеялар алмасуға арналған алаңдар қалыптасып келеді. .

Облыс әкімдігі мен жеке кәсіпкерлердің қолдауымен жастар арасында кәсіпкерлік дағдыларын дамытуға арналған арнайы тренингтер мен байқаулар өткізілуде. Бұл бағдарламалар жас кәсіпкерлерге қаржылық, заңдық және басқарушылық кеңестер беру арқылы олардың бизнестерін дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жастарға арналған гранттық бағдарламалар мен конкурстар арқылы шығармашылық жобалар мен инновациялық бастамаларды қаржыландыру жүзеге асырылуда.

Маңғыстау облысы жастардың шығармашылық, кәсіпкерлік және әлеуметтік мүмкіндіктерін дамытуға үлкен көңіл бөле отырып, жаңа әлеуметтік нысандар мен креативті алаңдарды дамытуды жалғастыруда. Жастарға арналған бұл кеңістіктер олардың кәсіби, шығармашылық, әлеуметтік және мәдени дамуына ықпал ете отырып, аймақтың болашағын қалыптастыруға үлес қосады. Жастардың әлеуеті мен бастамаларын қолдайтын облыс басшылығы мен ұйымдарының бірлескен жұмысы Маңғыстау облысындағы жастарды жаңа белестерге жетелейтін маңызды қадам болып табылады.

**Кестені толтырыңыз және алынған нәтижелерді жоспарланған нәтижелермен салыстырыңыз:**

| | |
|---|---|
| **Жобаның мақсаты:** | Ауыл жастарының жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасау мақсатында жабдықталған коуоркиң желісін іске асыру. Маңғыстау облысының кемінде 3 коуоркиң қызметін ұйымдастыру арқылы ауыл жастарын қоғамдық жұмысқа тарту. |
| **Жобаны іске асырудан қол жеткізілген нәтиже:** | **1-міндет 1 іс-шара: «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселлері жөніндегі басқармасы» ММ және «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры өзара ынтымақтастық туралы меморандум жасады. Осы құжат аясында екіжақты міндеттері белгіленді. Бұл құжат ауылды, әсіресе ауыл жастарын қолдауға бағытталған.**<br><br>**1 міндет 2 іс-шара: Жоба басында тапсырыс беруші басқарма тарапынан облыстағы аудан мен қала басшыларына арнайы хат жолданды. Мемлекеттік грантты жүзеге асыруға қолайлы нысан/ғимарат қажетттілігі айтылды. Алайда, ауылдардан өтінім аз келді. Тапсырысқа орай түскен сұранысты саралай келе 3 (үш) ауылдың тізімі жасақталды.**<br><br>**1 міндет 3 іс-шара: Мемлекеттік грант аясында белгіленген аумаққа (нысанға) ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізілді. Содан соң, қажетті материалдық-техникалық заттар сатып алынды. Ал жалпы ғимарат ішін безендіру, көркемдеу мәселесі тікелей тапсырыс берушімен мақұлданып отырды.**<br><br>**1 міндет 4 іс-шара: Жоба басында қаржылық шығын жалпылама есептелген болатын. Алайда, іс барысында шығын сметасына түзетулер енгізілді. Өйткені, әр «коуоркиң» орталығында жағдай әртүрлі. Жөндеу жұмыстарының жалпы көлемі белгілі болған соң, кеңсеге қажет техниканың тізімі жасақталды.**<br><br>**1 міндет 5 іс-шара: Мемлекеттік грант аясында жасақталған «коуоркиң» орталықтары толық дайын болған сәтте, жауапты мамандармен бірлесе ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Ауыл жастарының игілігіне арналған жобаның ашылу салтанатына ауыл ақсақалдары да атсалысты. Бағдарлама, қатысушылар тізімі алдын ала тапсырыс беруші тараппен келісілді.**<br><br>**1 міндет 6 іс-шара: Мемлекеттің қаражаты жұмсалған жоба мемлекет меншігінде қалады. Мәселен, осы грант аясында барлық «коуоркиң» орталығына жиһаз, техника, кеңсе тауарлары т.б. заттар сатып алынды. Жоба соңында барлық материалдық-техникалық заттар «коуоркиң» орталығына немесе аудандық жастар ресурстық орталығы балансына берілді. Екіжақты тапсыру-қабылдап алу актісі жасақталды.**<br><br>**1 міндет 7 іс-шара: Бұл жоба мұнымен тоқтамақ емес. Себебі, ғимараттардың басым бөлігі жыл соңына қарай табысталды. Ал негізгі келісімшарт аясында орталықтарды тұрақты бақылау мәселесі енгізілген. Қор тарапынан келер 2025 жылы пайдалануға берілген «коуоркиң» орталықтарына қоғамдық бақылау жүргізіледі. Егер** |

| | |
|---|---|
| | **мониторинг браысында жиһазға, техникаға немесе өзге мүлікті бүлдіру фактысы анықталса басқарма атына хат жолданады.**<br><br>**2 міндет 1 іс-шара: Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы мен «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры арасында ынтымақтастық меморандум аясында жаңа жылда іс-шаралар қатары көбейеді. Тапсырыс беруші басқарма «коуоркиң» орталығына жауапты аудан немесе ауыл әкіміне тиісті тапсырмасын жүктейді.**<br><br>**2 міндет 2 іс-шара: Әр орталыққа жауапты маман болуы тиіс. Өйткені, «коуоркиң» ішіндегі мүлікке, оның тазалығы мен күтіп ұстауына жауапты адам белгілінуі тиіс. Мемлекеттік грант аяссында ашылған барлық «коуоркиң» орталығына ауыл жастарының ішінен белсенді азаматтар тағайындалды.**<br><br>**2 міндет 3 іс-шара: Пайдалануға берілген орталықтарда жұмыс қыза түседі. Ауыл жастарының белсенділігін арттыру мақсатында қоғамдық-мәдени, танымдық іс-шаралар өткізіледі.**<br><br>**2 міндет 4 іс-шара: «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры тарапынан қала мен аудандық жастар ресурстық орталықтарына хат жолданды. Алдағы уақытта жастар кеңсесін пайдалана отырып, әртүрлі бағыттағы шаралар ұйымдастырылады.**<br><br>**3 міндет.**<br>**1 іс-шара: Әлеуметтік желіде үнемі жастарға қатысты контент жарияланып отырады. Осылайша жастар көтерілген тақырыпты кең көлемде ақпарат тарата алады.** |

| **Міндет** | **Міндет шеңберіндегі іс-шаралар** | **Өткізілу күні** | **Өткізілу орны** | **Қатысушылардың саны** | **(Іс-шараларға) қол жеткізілген қысқа мерзімді нәтижелер** | **Сандық және сапалық көрсеткіштер** | **Индикаторлар** | | **Ұзақ мерзімді келешектегі нәтижелері/әсері (міндеттерге)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | **жоспар** | **факт** | |
| **1-міндет:**<br>**Маңғыстау облысының** | Облыстағы аудандық әкімдіктермен «Маңғыстау облысында | Мамыр – қараша айы 2024 жыл | Маңғыстау облысы аумағы | | Биыл алғаш рет «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі | Тапсырыс берушімен келісілген меморандум | 1 | 1<br>3 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **жастарға арналған тұрақты коуоркиңті материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету және пайдалануға беру:** | жастарға арналған қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру» жобасын іске асыру жөнінде өзара ынтымақтастық пен серіктестік жөнінде Меморандумға қол қою. | | | | басқармасы» ММ-і ерекше жобаны бастады. Мемлекеттік гранттың негізгі мақсаты – ауыл жастарының әлеуетін арттыру. Яғни, оларға бас қосатын алаң ұсыну. Өйткені, облыс аумағына кіретін ауылдардың барлығында бірдей жастарға жағдай жасалмаған. Осы олқылықты жою мақсатында аталған грант жүзеге асты. Орындаушысы «Жағымды жаңалық» қоғамдық қоры. Бастапқыда тапсырыс беруші тараппен бірге «меморандум» жасақталды. Яғни, ондағы міндеттерге сай орындаушы | Қол қойылған меморандум<br><br>Фото<br><br>Әлеуметтік желіде жарияланым саны | Кемінде 3<br><br>Әр шарадан кемінде 5<br><br>Кемінде 1 | 15<br><br>**1** | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | тарап облыстағы 3 (үш) ауылда «коуоркиң» орталығын ашу тиіс. Алғашқы меморандум келісілгеннен кейін тапсырыс беруші тарап қала, аудан мен ауыл әкімдіктеріне хат жолдады. Ондағы мақсат ауыл әкімдігінің еншісіне кіретін бос ғимаратты анықтау. Жоба бойынша бос тұрған шағын ғимарат немесе кеңсе қажет. Егер жеңіл жөндеу жұмыстарын қажет ететін болған жағдайда бар қаражатқа қарап бағалау жүргізілді. Жалпы тапсырыс беруші тараптың жолдаған хатына 8 (сегіз) ауылдық | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | округтен жауап келді. Маңғыстау облысында бар 40-тан аса ауылдың небәрі 8-і ғимарат барын растады. Бұл біз ойлағандай болмай шықты. Содан соң, қор өкілдері өтінім жіберген ауыл-аймақтарды аралады. Жалпы 1,5 ай көлемінде 7000-ға жуық шақырым жол жүрілді. Қор өкілдері әр ауылға жеке барып, ұсынылған ғимараттың жәй-күйімен танысты. Облыс орталығына ең жақын ауыл – Ақшұқыр ауылы болса (25 шақырым) ең алысы Бейнеу ауданына қарасты | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Боранқұл ауылы. Ол Ақтау қаласынан 650 шақырым қашықтықта орналасқан. Жалпы мониторинг барысында Маңғыстау ауданындағы Шетпе, Таушық, Жармыш, Сайөтес, Қызан, Ақшымырау, Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр, Сайын Шапағатов ауылы, Бейнеу ауданы және ауданға қарасты Боранқұл ауылы, Қарақия ауданына қарасты Құрық елдімекені мен Жетібай, Мұнайшы ауылына арнайы бардық. Сапар туралы және ауылдағы жастардың | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ахуалы туралы ақпарат тапсырыс беруші тарапқа толық жеткізілді. Маңғыстаудың ауыл-аймағын аралай келе жоба бойынша бекітілген қаражатқа қарай 3 (үш) ауыл белгіленді. Олар: Қарақия ауданындағы Жетібай ауылы, Түпқараған ауданындағы Ақшұқыр ауылы және Бейнеу ауданындағы Борнақұл ауылы. Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының әлеуметтік жобасы осы үш ауылда жүзеге асатын болды. Ең алғашқысы – Жетібай ауылындағы | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | «коуоркиң» орталығы болмақ. Содан соң, Түпқараған ауданына қарасты Ақшұқыр ауылындағы «Мәдениет үйінде» жастарға жұмыс алаңы ашылды. Жобаның қорытындысы ең шалғайдағы Боранқұл ауылында аяқтауды жоспарладық. Алайда, соңғы сәтте Боранқұл ауылындағы ғимаратпен жасақталған келісімшарт күшін жойды. Өйткені, бұрыңғы полиция учаскесі жаңа ғимаратқа көшірілмеді. Орталық базаның ескі ғимаратта болуына | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | байланысты полиция басшылығы жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік бермеді. Аталған мәселе тапсырыс беруші тарапқа жеткізілді. Осыған орай, «Маңғыстау облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы» ММ бірлесе соңғы ауылдың атауын өзгерту туралы ортақ шешім шығарылды. Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданына қарасты Ақшымырау ауылы әкімдігінің атынан арнайы өтініш хат келіп | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | түсті. Осыған орай, «коуоркиң» орталығын Ақшымырау ауылына көшірілді. Айта кетейік, Ақшымырау ауылы облыс орталығынан 400 шақырым қашықтықта орналасқан. Нәтижесінде жоба аясында Жетібай, Ақшұқыр және Ақшымырау ауылдарында жастарға арналған коуоркиң ашылды. | | | | |
| | Ауыл-аймақтағы (ЖАО теңгерімінде гі) орын – жайды өлшеу, сараптау жұмысын жүргізу. | Мамыр – қараша айы 2024 жыл | | | Мониторинг жұмысы аяқталған соң, нақты жоба жүзеге асатын 3 (*үш*) ауыл-аймақ белгіленді. Олар: Қарақия ауданындағы Жетібай ауылы, Түпқараған | Тапсырыс берушімен келісілген ауыл-аймақ саны<br><br>Жасалған жұмыстар есебі (орын-жайды өлшеу, сараптау)<br><br>Ақау актісі | 3<br><br>1<br><br>3 | 3<br><br>1<br><br>3 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ауданындағы Ақшұқыр ауылы және Маңғыстау ауданындағы Ақшымырау ауылы. Ең алғашқы нысан – Жетібай ауылында орналасқан. Бұрынғы полиция бөлімінің жалпы аумағы 400 шаршы метрді құрайды. Ескі ғимарат биыл аудан әкімдігінің қолдауымен күрделі жөндеуден өткен. Сондай-ақ, жиһазбен қамтылған. Нақтырақ айтқанда парта, орындықтар мен сөрелер. 400-ге жуық шаршы метрді құрайтын ғимараттың тек 150 шаршы метрі пайдалануға жарамды. Ғимараттың | Фото<br><br>Видео<br><br>Әлеуметтік желідегі жарияланым саны | 4 (*әр ауыл аймақ бойынша*)<br><br>1 (*әр ауыл аймақ бойынша*)<br><br>Кемінде 1 | 4(*әр ауыл аймақ бойынша*)<br><br>1 (*әр ауыл аймақ бойынша*)<br><br>1 | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | екінші бөлігі авариялық жағдайда болуына байланысты алдағы уақытта сүріледі. Ал енді Жетібай ауылындағы кеңсеге келсек. Жалпы аумағы 145 шаршы метрді құрайды. Ғимарат ішінде 4 кабинет және 1 конференц зал бар. Нысанның биіктігі – 2,8 метр. Ал бөлмелерінің өлшемі әртүрлі. Ғимаратты тексеру барысында бірнеше ақаулар анықталды. Нақтырақ айтсақ, ғимарат ауласына тазалық жүргізу қажеттігі туындады. Сонымен қатар, есік алдындағы жарық шамы | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ескірген. Кей бөлмеде жарық нашар. Лампалары күйіп кеткені анықталды. Сонымен қатар, ауыл әкімдігі 2 салқындатқыш (*кондиционер*) алғаны анықталды. Алайда, оны қондыру үшін арнайы жабдықтардың жоқтығы айтылды. Ең басты кемшілік жастардың жұмыс істеуіне қажет техниканың жоқтығы болды. Келесі нысан – Ақшұқыр ауылындағы «мәдениет үйі». Бұл ғимараттың кіреберісі (*шамамен 500-600 шаршы метр аумақ*) бос тұр. Ғимарат басшысы бос | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | орынның бір бөлігін жастарға беруге болатынын және бұл әлеуметтік жобаны қолдайтынын жеткізді. Сонымен қатар, мәдениет үйі болғандықтан еден мен төбенің арасы 4-4,5 метрді құрайды. Бұл да құрылыс материалдарының көп көлемде қажет болатынын ескертеді. Ішкі жағындағы жарларда арнайы **ЛДСП** фанерлер қойылған. Олардың түсі жоғалып, өңі бұзылған. Ал жалпы бояу ағарып кеткені анықталды. Тағы бір мәселе – жалюзи. Осыдан 7-8 жыл бұрын қойылған заттың ескіргені білініп- | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ақ тұр. Мәдениет үйінің ашылуында ілінген стэндтердің де ескіріп, кеңсенің ажарын бүлдіріп тұрғаны байқалды. Айта кету керек, ғимарат ішінде жылу жүйесіне қатысты жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жарға қойылған радиаторлар жаңартылған. Алайда, оны орнату кезінде бірнеше қателіктерге жол берілген. Тіпті, сыртын пластикалық затпен қаптаған. Бірақ, ол да жарамсыз. Жоба бойынша кіреберістегі бар аумақты қамту қиынға соқты. Өйткені, үлкен аумақты қоршау, оған жөндеу | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жұмыстарын жүргізу ірі көлемдегі қаржыны талап етеді. Осыған байланысты бос орынның бір бөлігін «коуоркиң» ретінде қоршап, бөлек кеңсе етіп ашу жоспарланды. Ол үшін кіреберістің сол жағы (*бұрыңғы күзет отыратын бөлме*) белгіленді. Шағын аумақта кемшілік көп. Кеңсені төбеге дейін жабу, жарды сырлау, жарық шамдарын орнату және т.б. күрделі жұмыстар қажеттілігі белгіленді. Соңғы ғимарат – Маңғыстау ауданы | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Ақшымырау ауылы. Ақтау қаласынан 400 шақырымда орналасқан. Ұсынылған ғимарат бұрыңғы ауыл әкімдігінің кеңсесі. Ол да мәдени орталықтың құрамындағы нысан. Жалпы 3 (*үш*) шағын бөлмеден тұратын, бөлек кіреберіс есігі орналастырылған орталық. Биыл **Ақшымырау ауылының 90 жылдық мерейтойы** тойланды. Атаулы мерекеге орай, аудан әкімдігі халықпен бірлесе келе ауыл әкімдігіне жаңа ғимарат тұрғызып берді. Ал ескі ғимаратты ауыл | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жастарының еншісіне беру туралы шешім шығарылды. Бұл нысанның ішін толық жаңарту жоспарланды. Бөлмелерді түстері жаңартылып, ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. | | | | |
